# ХҚКО бармай-ақ қашықтан сәйкестендіру бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының ЭЦҚ кілттерін алу үшін заңды тұлғаның нұсқаулығы

Қашықтықтан ЭЦҚ алу үшін:

1. **Egov.kz** "электрондық үкімет" порталының басты бетінде **қашықтықтан ЭЦҚ алу** батырмасын басыңыз

2. "Заңды тұлғаны" таңдаңыз




3. **«ҰЙЫМ ЖҰМЫСКЕРІ»** батырмасын таңдап, ұйымның БСН мен ЭЦҚ алатын қызметкердің ЖСН енгізіңіз және "сұрау салуды жіберу" батырмасын басыңыз

БСН: 990240005438



4. "Бір реттік құпиясөзді енгізіңіз" деген жолда Сізге жіберілген кодты телефон нөміріне жіберілген кодты теріп,"бір реттік құпиясөзді тексеру" батырмасын басыңыз




5. Сәйкестендіру үшін құжатты таңдап, "ЭЦҚ алуға өту" батырмасын басыңыз




6. Жүйе сіздің жеке компьютеріңізде орнатылған веб-камераның болуын тексереді. Қалқымалы терезеде "рұқсат ету" батырмасын басу қажет Тексеру сәтті болған жағдайда бір реттік құпиясөзді енгізу қажет (1414 нөмірінен келіп түскен SMS-код)

   *Егер сіз BMG-де тіркелмеген болсаңыз немесе бір реттік құпиясөзді алмаған болсаңыз, жүйе Сізді және телефон нөміріңізді тіркеуді/қайта тіркеуді ұсынады. Ол үшін сізге қажет:

7. Беттің төменгі оң жақ бұрышында орналасқан Kenes виртуалды көмекшісін басыңыз және қалаған тілді таңдаңыз

8. Ассистенттің төменгі панеліндегі белгішеге және «Мобильді азаматтар базасында тіркеу" мәтінінің астындағы "бейне қоңырау" батырмасын басу

9. Оператор бейне қоңырауды қабылдағаннан кейін өзінің жеке куәлігін көрсетіп, ЖСН, телефон нөмірін және бір реттік құпиясөзді жазып алады
10. МАБ-да сәтті тіркелгеннен кейін порталдың бетін жаңарту және ЭЦҚ алу рәсімінен қайта өту қажет
11. Жүйе Сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған / іске қосылған NCALayer арқылы тексереді

* Орнатылған бағдарламалық қамтылым болмаған жағдайда, жүйе орнату файлын NCALayer арқылы жүктеуді ұсынады. NCALayer бойынша орнату жөніндегі Пайдаланушы нұсқаулығы ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді http://www.pki.gov.kz/nl_ru




12. Сізге қашықтан сәйкестендіру парағы ашылады, онда BMG-де тіркелген телефон нөмірін енгізу қажет болады.



13.SMS-тен кодты енгізіңіз. Хабарлама 2 минут ішінде келеді, егер сіз SMS алмаған болсаңыз, "қайта жіберу"сілтемесін басыңыз.




14.ЖСН енгізіңіз. ЖСН 12 саннан тұрады. Тек өзіңіздің ЖСН енгізіңіз және жөнелту алдында сіз енгізген ЖСН-нің дұрыстығына көз жеткізіңіз.




15. **Бейне тексеруден өтіңіз**. Бетіңіз жақсы көрінетін болсын. Бейне тестінің нұсқауларын орындаңыз.



- Егер бейне сәйкестендіру бірінші рет болмаса, іс-әрекетті қайталаңыз.
- Егер, бейне-тексеру кезінде сіздің тексеру фотосуретіңіз бейнеде көрсетілгенмен сәйкес болмаса, онда сіздің Digital ID-іңіз автоматты түрде модераторға тексеруге жіберіледі, жүйе операторының сіздің аккаунтыңызды тексеруін күтіңіз. Тексеру уақыты операторлардың жұмыс жүктемесіне байланысты. Бірақ, алаңдамаңыз, біз Сізге тексеру нәтижелері туралы SMS-хабарлама жібереміз.

**Назар аударыңыз:** бетіңіз жақсы көрінуі тиіс. Қосымша жарықты қосыңыз, бетіңіз белгіленген ортада болсын. Кадрға басқа адамдардың түспеуін тексеріңіз. Дайын болғаныңызда "Бастау" батырмасын басыңыз

16. Қалқымалы терезеде ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сервисіне кіруге рұқсат беру.




17. Ұлттық куәландыру орталығының беті ашылады. Сізге пайдаланушы келісімімен танысып, "Растау" батырмасын басу қажет



18. Өтініш нысанында ЭЦҚ туралы түрлі хабарламаларды алу үшін электрондық поштаны көрсетуге болады. Кілт сақтау орны түрін таңдау өрісінде қажетті параметрді таңдаңыз




19. Бұдан әрі ЭЦҚ сақтау үшін кілттерді сақтау жолын көрсету (папканы таңдау) және "Ашу"батырмасын басу қажет. "Өтінім беру" батырмасын басу



20."Жаңарту" батырмасын басу




21.Сіздің өтініміңіз сәтті қалыптасты, өтінім нөмерін сақтап алуды ұмытпаңыз. **Өтінім нөмері** ЭЦҚ ны жүктеу процесінде қажет болады.






22. Бірінші басшыдан растау алу үшін сізге Salem-Office ЭҚАЖ арқылы өтініш беру керек, ол үшін сайтқа өтіңіз qyzpu.edu.kz




23. Өз тіркелгіңізбен (учетная запись) авторизация жасаңыз



24. Egov сайтында сіздің заңды ЭЦҚ растау үшін өтінім жасаймыз







Salem OfficeЭҚЖ жүйесінде ЭЦҚ заң алу үшін өтінімдердің 2 түрі бар:
1) Бастапқы алу үшін (жаңа қызметкерлерге)
2) қайта алу үшін



25.Қажетті өтініш түрін таңдап, өтініш ішіндегі барлық қажетті өрістерді толтырамыз




Өтініш жіберілгеннен кейін ол HR департаментіне келісу үшін түседі, келісуден кейін бірінші басшыға жіберіледі. Өтініштің мәртебесі «Орындалды» болғанда, pki.gov.kz сайтына өтіп, қалыптастырамыз.



26. pki.gov.kz сайтында «Тапсырыс статусын тексеру» бөлімін таңдаймыз




27. Ашылған бетте egov.kz сайтында жасалған өтінім нөмірін көрсетеміз




28.Бірінші басшы растағаннан кейін "жаңа құпиясөз" және "құпиясөзді қайталаңыз" жолдарында қажетті талаптарға сәйкес келетін ЭЦҚ-ға өз құпиясөзін тағайындау және "сертификаттарды Жүктеу" батырмасын басу»



29.ЭЦҚ сәтті орнату туралы хабарламасы бар терезе ашылады




<u>**Құттықтаймыз!!!**</u>

Сіздің ЭЦҚ сертификаттарыңыз 19-қадамда көрсетілген папкада сәтті орнатылды